

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№4 (181),
СӘУІР
2020 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, – т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбай,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
М.Ноғайбаева, Д.Салқынбек,
Қ.Құнапина – т.ғ.к., доц.; С.Дүй-
сен – п.ғ.к., Қ.Қарамандәев –
тарихшы-зерттеуші.

С.Әбішқызы – тұңғыш бас
редактор. Б.Матеева – ұс-
таз-әдіскер. Ш.Танмамбетова,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева,
Ұ.Елшібай – озат ұстаздар.

.....

Басуға 10.04.2020 ж. жіберілді.

Пішімі 84 x 108¹/₁₆.

Шартты б.т. – 5. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.

Таралымы – 1500.

Индекс – 75748.

Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

.....

Авторлар қазақша ғылыми-
теориялық мақалаға орысша,
ағылшынша, орысша мақалаға қа-
зақша, ағылшынша, ағылшынша
мақалаға қазақша, орысша резюме
ұсынуға міндетті. Мақаланың ғы-
лыми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың байлам-
тұжырымдары редакция көзқа-
рысымен сәйкеспей де мүмкін. Кө-
шіріп басылса не пайдаланылса,
сілтеме жасалуы тиіс.

Журнал ҚР БҒМ Білім және
ғылым саласындағы бақылау
комитеті (БҒСБК) ұсынған
тізімде бар.

Журнал в списке рекомендо-
ванных ККСОН МОН РК.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Әзілхан Тәжекеев, Нұргүл Төлебаева. Қаратау жоталарындағы тарихи мұралар.....	2
Мөлдір Алдабергенова, Гаухар Сыздықова, Талғат Мейірбеков. Сауда-ақша қатынастарының дамуы.....	4
Әйгерім Рамазанова, Анар Кәрімова. Павлодар-Ертіс өңірінің белгілі тұлғалары.....	8
Өтеген Исенов. Әбекеңнің тарих ғылымына қосқан үлесі.....	10
Тұрғанжан Төлебаев, Айханым Мақсымқанова. Қазақстан архивтерін жеке тектік құжаттармен толықтыру жолдары.....	12
Оразгүл Мұхатова. Татьяна Митропольскаяның қоры.....	16
Гүлзада Саргизова. Трасология – сүйектен және мүйізден жасалған бұйымдарды зерттеу әдісі.....	19
Мұхтар Исаев. Мақсат Төлеев, Хазретәлі Тұрсұн. Отандық тарих философиясының мәселелері.....	21
Зәбира Мырзатаева, Дана Әліпова. Айтылған тарих.....	24
Құмарбек Жұпбаев. Жаңа түрік күнтізбесі.....	29
Адилхан Жарасов. Седентаризация в земельной политике.....	32
Гүлзат Мүтәліп. Ескелді ауданындағы киелі орындар.....	34
Б.Айту. Тарих және этнология институты:.....	37
Ғайни Мұхтарова. Қоянды жәрмеңкесінің қалыптасу тарихы.....	39
Куляш Джумағалиева. О смотрителях и караульных командах на соляных промыслах.....	41
Д.Әбенев, Б.Әбеннова, 1907 жылғы «айрықша мәжіліс».....	43
Рамазан Нүсіпов. Алаш әскері.....	45
Айнагүл Еспенбетова. Аштықтың әлеуметтік-демографиялық сипаты.....	47
Баян Тұрсынова, Мұқтарбек Кәрімов. Семей өңіріндегі ашаршылық.....	50
Арайлым Мұсағалиева, Мақпал Жақия. Қарлағ аумағындағы қазақ ауылдары.....	52
Назгүл Байғабатова, Ақмарал Елемес. Ұлттық бірегейлікті зерттеу мәселелері: теориялық аспект.....	54
Әсемгүл Қоскеева. Қазақстандағы ұлт пен тіл мәселесі.....	56
Еркебұлан Ержанов. Қазақстан мен Түркия.....	57
Күлімкөз Сантаева, Тұнық Садықова. Қазақстандағы демографиялық мәселелер.....	60
Жанат Әбішева. Әйел теңдігі және гендерлік саясат.....	62
Жапсарбай Куанышев. Роль административной реформы в формировании эффективного государства.....	64
Аққали Ахмет. Мекен-жайым – Воронеж.....	68

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Нұрзия Рахметова, Жаухар Үсенова. Кәсіби біліктілікті кешенді бағалау.....	71
Гүлқыз Жусанбаева. Тарихты оқыту әдістемесі ғылым ретінде.....	74
Айнагүл Қойшыбаева. Қысқа мерзімді жоспар.....	76
Маржан Мақатова. «Алтын адам».....	77
Азамжан Басанов. Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуы.....	79
Айгуль Колдаева. Важность критерияльного оценивания для успешности обучения.....	79

ТРАСОЛОГИЯ – СҮЙЕКТЕН ЖӘНЕ МҮЙІЗДЕН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАРДЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ

Гүлзада САРГИЗОВА,
Ә.Х.Марғұлан атындағы археология
институтының кіші ғылыми қызметкері

Ежелгі тарих және археология ғылымының көптеген маңызды мәселелерінің бірі – өндірістердің даму тарихы мен тұрмыстық шаруашылықты зерттеу. Буше-де-Перт, Д.Эванс, Э.Ларте, Э.Пьетт тастан, сүйектен жасалған ежелгі құралдарды өз қолдарымен дайындап, олардың қолдану тәсілін, қаттылығы мен тиімділігін меңгеруге тырысқан. Кейінірек М.Кутье, Ф.Борд, А.Барное, т.б. ғалымдардың ізденушілігі мен құралдарды зерттеудегі эксперименталды жұмыстар жалғасын тапты.

Археологиялық жәдігерлерді, оның ішінде тас және сүйек құралдарын зерттеуде типологиялық, трасологиялық, морфологиялық және басқа да сараптамалық әдістер бар. Осылардың ішіндегі трасологиялық әдістің маңыздылығы зор. Жалпы, трасология (французша «la trace» – «із» сөзінен шыққан) криминалистика ғылымының техникаларының бірі [1, 10-б.].

XX ғасырда археологияда трасологиялық зерттеу әдісі қолданыла бастады. Алғаш рет ағылшын археологы У.Гринвел (1965) палеолиттік қырғыштарда өңдеу іздерін байқаған. Кейін Дж.Эванс құралдардан сызықты іздерді байқады. 1934 жылы С.А.Семенов тас және сүйек құралдарға микроскоптың көмегімен трасологиялық сараптаманың жұмыстарын жүргізді [2, 17-б.]. П.П.Ефименко «Костенки 1» еңбегінде трасологиялық сараптаманың әдістемесін қарастырды [3, 38-б.]. Трасологиялық зерттеулердің дамуындағы жаңа сатысы американдық зерттеуші Л.Килидің еңбектің жарық көруімен байланысты болды [4, 115-б.].

Археологиялық трасология – сүйек және тастан жасалған құралдардың сыртында адамның ықпалымен сақталған іздерді зерттейтін әдіс. Ондай іздер белгілі бір құралды дайындау барысында (кесу, жону, қыру, тегістеу секілді өңдеу жұмыстары) пайда болады. Яғни, трасология әдісі арқылы еңбек құралдары мен бұйымдардың дайындалу техникасы мен оның атқарған қызметі жөнінде нақты мәліметтер бере алады. Трасологиялық әдістің типологиялық әдістен айырмашылығы нақты, дәйекті мәліметтерді негізделгендігінде [5, 19].

Адамның ықпалымен жасалған іздерді зерттеуде түрлі әдістемелік мәселелерін В.Е.Щелинский, Е.Ю.Гиря, А.Н.Усачук, И.В.Горашук, ал сүйек бұйымдарының құрылымы, жасалу жолдары, функционалды қызметтеі жөнінде А.П.Бородовский, В.Б.Панковский зерттеп келеді.

Трасологиялық зерттеу әдісін барлық материалдарға қолдануға болады. Метал, ағаш, тас, сүйек заттарының беткі қабатында сақталған іздерді зерттейді. Трасологиялық зерттеулер арнайы бинокулярлы микроскоппен фотоаппараттың көмегімен жүргізіледі.

Трасология жасанды және табиғи пайда болған іздерді бөліп қарастырады. Табиғи іздер олар-

дың пайда болу сипатына қарай анықталып, топтастырылады. Табиғи іздер қатарына геологиялық, биологиялық, ботаникалық өзгерістер кезінде пайда болған іздер жатады [6, 234-б.]. Геологиялық іздер дегеніміз өртүрлі табиғи құбылыстар нәтижесінде таустарда қалған тегістеулер, сызаттар болса, биологиялық іздер қатарына жануарлардың жүріп өткен іздері мен белгілі бір затты тістеген іздері жатады [7, 170-б.]. Ал ботаникалық іздер дегеніміз шөптердің өсуі кезінде белгілі затқа әсер етуінен сақталған іздер болып табылады.

Адам қолымен жасалған (жасанды) іздер өңдеу іздері, пайдалану іздері, мақсатты түрде өзгертілмеген іздер болып бөлінеді. Өңдеу іздері – белгілі заттың пішінін өзгерту барысында арнайы жасалған әрекеттердің іздері. Мұндай іздерге жаңқалау, пикетаж іздері, кесу, жону және т.б. белгілері жатады. Пайдалану іздері – құралдардың жұмыс жасалған аймақтарында сақталған іздер. Бұл іздер адамның арнайы ықпалынан туындамайды. Құралды пайдалану барысында тозу, қажалу, жылтырлау, сызаттар, сынық іздері секілді белгілер қалады. Мақсатты түрде өзгертілмеген іздер – технологиялық үрдістердің байланысынсыз, артефактілердің беткі қабаттарында пайда болған іздер. Мысалы, тас құралдарды бір жерден бір жерге көшіру кезінде пайда болған, бір-бірінің әсерінен болған іздер.

Сүйектен және мүйізден жасалған бұйымдар мен құралдарды трасологиялық зерттеу барысында морфологиялық, морфографиялық, остеологиялық және экспериментальды сараптамалармен байланыстыру зерттеу нысанының маңыздылығын арттыра түседі. Өйткені, сүйектің немесе мүйіздің морфологиялық, остеологиялық құрылымын анықтау арқылы оған қандай да өзгерістер жүргізілгенін анықтауға болады.

Бүгінге дейін Қазақстан археологиясында сүйек және мүйіз құралдарын зерттеу көп жағдайда типологиялық сипаттаумен ғана шектеліп келді. Ғалым Ә.Х.Марғұлан қазақ тарихында сүйекті өңдеу ісі маңызды болғандығын атап көрсетеді. Өсіресе, жылқы малының сүйектерін өңдеу көптеген ескерткіштерде кездесетінін жазады. Зерттеуші Орталық Қазақстанда кейінгі қола дәуірінде сүйек өңдеу кәсібі кеңінен таралғанын атап өтеді [8, 288-б.].

Орталық Қазақстанның қола дәуіріне жататын сүйек құралдары жөнінде Ә.Х.Марғұлан, М.Қ.Қадырбаев, Ж.Қ.Құрманқұлов, А.З.Бейсенов, В.В.Варфоломеевтің еңбектерінде сипаттама берілген. М.Қ.Қадырбаев пен Ж.Қ.Құрманқұловтың еңбегінде Атасу, Мыржық, Ақ Мұстафа, Ақмая ескерткіштері сүйек құралдары егіншілікте, тері өңдеуде, үй шаруашылығында пайдаланылғаны және әшекей бұйымдары ретінде қолданыста болғандығы жөнінде мәліметтер береді. Егіншілікте мүйізден өңделген жер қопсытқыштар, ірі қара

малының жақ сүйектерінен дайындалған орақтар, металл дайындауда тегістегіштер, тері өндеуде мал жақ сүйектерінен өңдеген езгіштер, асық сүйектері тегістегіштер ретінде пайдаланылған. Қола дәуірінде көзе дайындауда ыдыстың сыртын тегістеуде асық сүйектері тегістегіштердің қызметін атқарса, ұсақ малдардың қабырға сүйегінен ыдыстың өрнектерін жасауға арналған құралды (штамп) пайдаланған. Сондай-ақ, үй шаруашылығында жілік басынан жасалған ұршықтар, түймелер, қалақ ретінде пайдаланылған жауырындар, жілік сүйектерден жасалған тескіштер, инелер, кескіштер пайдаланылған. Құралдар арасында ірі қара малдың жіліншік сүйегінен жасалған конькилер табылған. Ал әшекей бұйымдар қатарында мал және аң тістері, өрнектелген ілгіштер, сүйек түтікше-моншақтар бар [9, 200-б.].

Кейінгі кездері сүйек және мүйіз құралдары мен бұйымдарын зерттеуде трасологиялық сараптама жұмыстарына мән беріліп жүр. Кент қалашығының сүйектен және мүйізден жасалған бұйымдарына трасологиялық сараптама жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде, ескерткіштің сүйек бұйымдары сипатталып, функционалды қызметтері анықталды [10, 25-б.].

Орталық Қазақстан жерінде Талдысай қонысынан да бірқатар сүйек және мүйіз құралдары кездеседі. Талдысай – қола дәуірі ескерткіші, ежелгі кеншілер мен металлургтар өмір сүрген елді мекен, металл балқыту ісі мен басқадай қолөнерлер өркендеген өз заманының ірі шаруашылық-өндіріс орталығы. Қазіргі уақытта шұңқыр пештері, металл өнімдері, құюшы-ұсталардың құралдары кеңінен зерттеліп, ғылыми айналымға енген [11, 8-б.]. 1994-2019 жж. қазба барысында алынған сүйек және мүйізден жасалған біздің зерттеу нысанымыз болып отыр. Қазіргі күнде көлемі 284 дм 3 болатын материалдар қаралып, сұрыпталды. Өңделген іздері сақталған құралдар саны 495 дана болды. Алдағы уақытта құралдарды, жартылай дайындалған бұйымдарды, дайындамаларды және сүйек, мүйіз өңдеу жұмыстарының қалдықтарын жүйелеу, алынған нысандардың сипаттамаларын жасау және материалдарды трасологиялық сараптама жасау көзделіп отыр.

Жалпы, археология ғылымында сүйек құралдарын зерттеу өте маңызды. Ескерткіштің тарихын сипаттауда, оның маңыздылығын ашуда сүйек және мүйізден жасалған құралдардың сараптамалары көптеген түйткілді мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Оның ішінде, трасологиялық зерттеулер көптеген зерттеу әдістеріне қарағанда дәлірек және берер мағлұматы көп. Құралдың функционалды қызметін анықтап, тіпті бірнеше рет өзгертіліп, бірнеше мақсатта пайдаланғаны жөнінде

дәлелдер бере алады. Көптеген уақыт бойы отандық археологияда трасологиялық зерттеулердің кейінде қалуының бірден-бір себебі арнайы мамандардың және арнайы құрылғылардың жетіспеуі болды. Алдағы уақытта трасологиялық зерттеулер кеңінен қолданысқа еніп, еліміздің археологиялық ескерткішін зерттеуде тың жаңалықтарымен толықтырады сенеміз.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается трасологический метод в исследовании костяных и роговых орудий. Выделяется несколько видов следов: следы человеческой деятельности и следы естественного происхождения. Приведены описания костяных и роговых орудий из памятников эпохи бронзы Центрального Казахстана.

The article shows the tracological (use wear) method in the study of bone and horn tools. There are several types of tracks: traces of human activity and traces of natural origin. The bone and horn tools from the Bronze Age monuments of Central Kazakhstan described.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Аверьянова Т.В., Белкин, Р.С.** Криминалистика. – М.: НОРМА – ИНФРА-М, 2000. — 990 с.
2. **Семенов С.А.** Первобытная техника (опыт изучения древнейших орудий и изделий по следам работы). Москва-Ленинград. 1957. С. 239.
3. **Ефименко П.П.** Костенки I. М. – Л.: АН СССР, 1958. С. 483.
4. **Keeley L.H.** Microwear polishes on flint: some experimental results, *Staringia*, том 3, s. 1976. 49-51.
5. **Бородовский А.П.** Древнее косторезное дело юга Западной Сибири. Институт археологии и этнографии СО РАН. 1997 г. С. 160.
6. **Гиря Е.Ю.** Следы как вид археологического источника (конспект неопубликованных лекций) // Следы в истории. К 75-летию В. Е. Щелинского. СПб., 2015б. С. 232–268.
7. **Панковский В.Б., Гиря Е.Ю., Саблин М.В.** Трасологические критерии отличия предметов первобытного искусства и остатков фауны с естественными видоизменениями // *Stratum plus*. 2015. № 1. С. 169–184.
8. **Маргулан А.Х.** Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Том 1. Алматы. 1998. 397 с.
9. **Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж.К.** Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. Алма-Ата. 1992. 246 с.
10. **Варфоломеев В., Ломан В., Евдокимов В.** Кент-город бронзового века в Центре казахских степей. Астана. 2017. 337 с.
11. **Курманкулов Ж., Ермолаева А.С., Ержанова А.Е.** Талдысай – поселение древних металлургов. Алматы: Институт археологии им. А.Х.Маргулана, Хикари, 2012. 130 с.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен **ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының** іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы **фотосын** және 3) кафедраның соңғы 2-3 жылдағы

жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.